

ХАБАРЛАНДЫРУ

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі, 160012, Шымкент қаласы, Тауке-хан даңғылы, 5 «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма мүшелері бос лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

- ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор;
- оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор;
- әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор;
- қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

мекен-жайы: Шымкент қаласы, Тауке-хан даңғылы, 5

Қоғам қызметінің мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі және қосымша білім саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қоғам қызметінің мақсаты ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және білім беру үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және зерттемелерді коммерциялау үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру ұйымдарындағы және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдардағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Конкурсқа қатыса алмайды:

- 1) жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық жағынан құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) Конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген үлгідегі 3x4 түсті фотосуретімен конкурсқа қатысушының белгіленген нысандағы қызмет тізімі;
- 4) салыстыру үшін түпнұсқаларын көрсете отырып, білім туралы құжаттар және оларға қосымшалар;
- 5) жұмыс орны (ағымдағы немесе соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (медициналық кәсіби консультациялық қорытынды) №086 /у нысаны;
- 7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген жүйке-психиатриялық ұйымның анықтамасы;
- 8) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды тапсыру күніне дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;
- 9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйымның жоқтығын растайтын құжат.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

Конкурс өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда аталған құжаттарды белгіленген мерзімде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысына өткізу қажет, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Тауке-хан даңғылы, 5 (248 каб.), телефон: 8 (707) 859-60-23, 8 (702) 944-28-67.